



ҚАРАГАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ
БАС МЕМЛЕКЕТТІК САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ҚАУЛЫ
30.04.2021 жыл

Қараганды қаласы

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ САНИТАРНЫЙ ВРАЧ
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 11-б

город Караганда

**Қарағанды облысының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігерінің
2021 жылғы 19 қантардағы
№ 2-Қ қаулысына өзгерістер
мен толықтырулар енгізу туралы**

Мен, Қарағанды облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Ю.Л. Залыгин, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI КРЗ Кодексінің 9, 38, 104-баптарына сәйкес, КР аумағында коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның хаттамалық шешімі негізінде, Қарағанды облысының халқын жаңа COVID-19 коронавирустық инфекциясынан (бұдан әрі - КВИ) вакцинациялаумен қамтуды ұлғайту мақсатында

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. «Қарағанды облысында шектеу іс-шараларын күшайту туралы» Қарағанды облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 19 қантардағы № 2 - Қ қаулысына (бұдан әрі-қаулы) өзгерістер мен толықтырулар енгізу:

1) қаулының 3-тармағының 2-тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

«Ashyq» пилоттық жобасы іске асырылып жатқан объектілерді қоспағанда, бұқаралық, ойын-сауық, ұжымдық, отбасылық және атаулы іс-шараларға, сондай-ақ қызметі жаңартылмаған объектілерге (караоке, түнгі клубтар, букмекерлік кеңселер, компьютерлік клубтар, боулинг-орталықтар) баруға, сонымен қатар олардың жұмыс режиміне сәйкес жабылғаннан кейін объектілерде болуға тыйым салынады;»;

2) қаулының 6 тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«Аудан әкімдері, мемлекеттік органдар, құқық қорғау және арнайы органдар, мекеме басшылары, кәсіпкерлік субъектілері «Ashyq» жобасына қатысатын Қарағанды облысының әлеуметтік-экономикалық нысандарының жұмысына қойылған шектеулер мен рұқсаттарды іске асыруды осы қаулының 46-қосымшасына сәйкес КР БМСДҚ № 14 талаптарына сәйкес қамтамасыз етсін»;

000009

3) қаулының 27-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

«Қарағанды облысының білім басқармасы (Г.Ш.Қожахметова), қалалық және аудандық білім бөлімдерінің басшылары, білім беру үйымдарының директорлары 2020-2021 оқу жылдарын төртінші тоқсанынан бастап Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының 10-тарауына сәйкес шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңіне жалпы білім беретін мектептердің жұмысына қойылатын талаптардың сақталуын қамтамасыз етсін:

1) 300 окушыға дейінгі контингенті бар, сыныптардағы балалар саны 25 адамнан аспайтын қалалық және ауылдық мектептерде дәстүрлі форматта оқыту;

2) білім беру үйымы әкімшілігінің шешімі бойынша сабактан тыс уақытта 10 адамнан аспайтын топтарда окушыларды жеке оқыту, бұл ретте Қарағанды, Теміртау, Саран, Шахтинск, Балқаш, Приозерск, Жезқазған, Сәтбаев қалаларында және Абай, Нұра, Осакаров аудандарында әлеуметтік қашықтықты, шахматтық тәртіппен отырғызуды және маска режимін міндettі түрде сақтай отырып, топтардағы балалар саны 5 адамнан аспауы тиіс;

3) Қарағанды, Теміртау, Саран, Шахтинск, Балқаш, Приозерск, Жезқазған, Сәтбаев қалаларындағы және Абай, Нұра, Осакаров аудандарындағы мектептерді қоспағанда, мектепалды сыныптардың окушыларына арналған жалпы білім беретін мектептерде 1-ден 5-сыныптарды қоса алғанда, халықаралық мектептерде 1-ден 7-сыныптарды қоса алғанда, сыныптардағы балалар саны 25 адамнан аспайтын форматта оқыту;

4) Қарағанды, Теміртау, Саран, Шахтинск, Балқаш, Приозерск, Жезқазған, Сәтпаев қалаларында және Абай, Нұра, Осакаров аудандарында мектепалды сыныптарының окушылары үшін 1-ден 5-сыныптарды қоса алғанда, жалпы білім беретін мектептерде, 1-ден 7-сыныптарды қоса алғанда, халықаралық мектептерде қашықтықтан оқыту форматында оқыту;

5) бітіруші сыныптар үшін алтасын 6 қуні ішінде аралас форматта оқыту (9, 11 (12) сыныптар): пәндердің 70% - ы штаттық режимде, 30% - ы қашықтықтан оқыту (сыныпта 15 адамнан артық емес, «1-сынып-1-кабинет» қағидаты бойынша оқыту, санитариялық-дезинфекциялық және маскалық режимдерді сақтау.»;

4) қаулы осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес редакцияда 46-қосымшасымен толықтырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы қаулы қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.



**Қарағанды облысының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері**

Ю.Л. Залыгин

Қарағанды облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы «30» 04 № 116 қаулысына 1 қосымша

Қарағанды облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 19 қантардағы № 2 қаулысына 46 қосымша

«Ashyq» жобасына қатысатын Қарағанды облысының әлеуметтік-экономикалық объектілерінің жұмысына қойылатын шектеулер мен рұқсаттар өлшемдері

№	Объектілер / салалар	Қызыл аймақ
1	Қоғамдық тамақтану объектілері, оның ішінде ОСО, СО орналасқан.	ҚО БМСД 19.01.2021ж. №2 қаулысының <u>3</u> және <u>4</u> қосымшаларына сәйкес, «ASHYQ» жобасының қатысушылары жұмыс уақыты 07.00-ден 24.00-ге дейін, үстел арасында 2 м қашықтықты сақтай отырып, 50% - дан аспайтын және залда 50 орыннан аспайтын және жазғы алаңдарда 50 орыннан аспайтын.
2	Жазғы алаңдарды қоса алғанда, халықтың тұруы бойынша қызметтер көрсету саласындағы ұйымдар жанындағы қоғамдық тамақтандыру объектілері (конақ үйлер, коңақ үйлер, санаторий-курорттық үйлемдар, демалыс үйлері/базалары, туристік базалар және т. б.)	ҚО БМСД 19.01.2021ж. №2 қаулысының <u>5-қосымшасына</u> сәйкес, «ASHYQ» жобасының қатысушылары жұмыс уақыты 07.00-ден 24.00-ге дейін, үстел арасында 2 м қашықтықты сақтай отырып, 50% - дан аспайтын және залда 50 орыннан аспайтын және жазғы алаңдарда 50 орыннан аспайтын.
3	Қоғамдық моншалар	ҚО БМСД 19.01.2021ж. №2 қаулысының <u>2-қосымшасына</u> сәйкес, «ASHYQ» жобасының қатысушылары әлеуметтік қашықтықты қатаң сақтай отырып және антисептикалық құралдарды қолдана отырып
4	Саunalар, СПА орталықтар, бассейндер	ҚО БМСД 19.01.2021ж. №2 қаулысының <u>2-қосымшасына</u> сәйкес,

		«ASHYQ» жобасының қатысушылары, әлеуметтік қашықтықты қатаң сақтай отырып және антисептикалық құралдарды қолдана отырып
5	Спорттық-сауықтыру және фитнес-орталықтар, оның ішінде йога-орталықтар	ҚО БМСД 19.01.2021ж. №2 қаулысының <u>30-қосымшасына</u> сәйкес, «ASHYQ» жобасының қатысушылары маска режимін, әлеуметтік қашықтықты және антисептикалық құралдарды қатаң сақтай отырып
6	Облысаралық және қалалық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	«ASHYQ» жобасының қатысушылары отыратын орындардың 50% - дан аспайтын салонды толтыру және жолаушыларды шахматпен отырғызу, маска режимін сақтау және көлік құралдары салондарын дезинфекциялау шартымен
7	Боулинг-орталықтары	ҚО БМСД 19.01.2021ж. №2 қаулысының <u>7-қосымшасына</u> сәйкес, «ASHYQ» жобасының қатысушылары маска режимін, әлеуметтік қашықтықты және антисептикалық құралдарды қатаң сақтай отырып
8	Компьютерлық клубтар	ҚО БМСД 19.01.2021ж. №2 қаулысының <u>44-қосымшасына</u> сәйкес, «ASHYQ» жобасының қатысушылары маска режимін, әлеуметтік қашықтықты және антисептикалық құралдарды пайдалануды қатаң сақтай отырып (клиенттерді 16 жастан бастап қабылдау)
9	Бильярд клубтары	ҚО БМСД 19.01.2021ж. №2 қаулысының <u>44-қосымшасына</u> сәйкес, «ASHYQ» жобасының қатысушылары маска режимін, әлеуметтік қашықтықты және антисептикалық құралдарды қатаң сақтай отырып
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, филармониялар	ҚР БМСДҚ 25.12.2020 ж. № 67 қаулысының <u>9-қосымшасына</u> сәйкес

	<p>«ASHYQ» жобасының қатысушылары маскалық режимді, әлеуметтік қашықтықты және антисептикалық қуралдарды пайдалануды қатаң сақтай отырып, мәдениет объектілеріне қойылатын талаптарды қатаң сақтай отырып</p>
--	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------